

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығы «Қылқалам шеберлері» үйірме жетекшісі
Мажиханов Нұрланның 2024 -2025 оқу жылындағы бірінші тоқсандық анықтама есебі**

Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығының «Қылқалам шеберлері» сурет үйірме мүшелері 2024-2025 жаңа оқу жылында оқу-тәрбие жоспарларына сәйкес білім алып, жұмыс жүргізді.

Ата-аналардан өтініш құжаттары қабылданып, оқушылар тізімі анықталды. «Қылқалам шеберлері» сурет үйірмесіне 60 оқушы жинақталып, олар төрт топқа бөлініп, дәріс алуда. Жаңа оқу жылына жылдық жоспар, журнал, сабақ кестесі, бекітілді.

Үйірменің мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, сурет өнеріне деген сауаттылықтарын ашып, эстетикалық, этикалық және физикалық тұрғыларында тәрбиелеп, баулу және қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

«Қылқалам шеберлері» сурет үйірме мүшелері бірінші тоқсан барысында жоспар бойынша оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді. Үйірмеде оқушылар сурет өнерімен танысып, қылқалам сырларын жетік меңгеру үстінде. Үйірме мүшелері байқауларға қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Атай кетсек, 16 қазан күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбындағы сурет байқауында 8 «Л» сынып оқушысы Жұмаханова Инабат II дәрежелі дипломмен, 7 «Ж» сынып оқушысы Болатбек Ғазиза Алғыспен, 18 қазан күні Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Менің сүйікті қалам – Қызылорда» тақырыбындағы сурет байқауында 5 «О» сынып оқушысы Рафаэль Жансая II дәрежелі, 7 «Ж» сынып оқушысы Мырзахмет Балауса III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Қылқалам шеберлері» сурет үйірмесінің жетекшісі:  Мажиханов Н.